

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Құпиялылық туралы келісім (бұдан әрі – «Келісім») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес қосылу шарты болып табылады және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (бұдан әрі – «Компания») тарапынан ұсынылатын құпия ақпаратпен жұмыс істеудің міндетті талаптарын айқындайды.

1.2. Осы Келісім әлеуетті жеткізуші/жеткізуші төменде көрсетілген әрекеттердің кез келгенін жасаған сәттен бастап жасалды деп есептеледі және күшіне енеді:

- Компанияның сатып алу рәсімі шеңберінде сатып алуға қатысуға өтінім, коммерциялық (бағалық) ұсыныс, офферта немесе өзге де құжатты, оның ішінде Компанияның корпоративтік электрондық поштасы арқылы және (немесе) жария сауда алаңы не электрондық дүкен арқылы жіберу;

- осы Келісімнің шарттарымен келісетінін «Келісемін» белгісін қою, растау батырмасын басу немесе өзге де соған ұқсас әрекет жасау арқылы растау.

1.3. Осы Келісімнің 1.2-тармағында көрсетілген әрекеттердің кез келгенін жасау, сондай-ақ сатып алуға қатысуға бағытталған өзге де конклюденттік әрекеттерді жүзеге асыру әлеуетті жеткізушінің/жеткізушінің осы Келісімнің барлық шарттарын ешқандай ескертусіз, шектеусіз және алып тастаусыз толық көлемде әрі сөзсіз қабылдағанын білдіреді.

2. АЛҒЫШАРТТАР

2.1. Компания мен әлеуетті жеткізуші/жеткізуші шарттық қатынастарды ықтимал белгілеуге байланысты бағалау, талқылау, келіссөздер жүргізу не сатып алу рәсімдерін қамтитын процесте болады немесе болуы мүмкін (бұдан әрі – «Жоба»).

2.2. Аталған процестер шеңберінде Компания әлеуетті жеткізушіге/жеткізушіге коммерциялық, қызметтік, сондай-ақ заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты ашуға құқылы.

2.3. Әлеуетті жеткізуші/жеткізуші осындай ақпаратқа қатысты осы Келісімнің шарттарына сәйкес құпиялылық режимін сақтауға міндеттенеді.

3. АНЫҚТАМАЛАР

Құпия ақпарат – Компания тарапынан әлеуетті жеткізушіге/жеткізушіге кез келген нысанда (жазбаша, ауызша, электрондық, визуалдық немесе өзге де түрде) ашылған кез келген ақпарат, оның ішінде, бірақ осымен шектелмей: коммерциялық, қаржылық, техникалық және ұйымдастырушылық ақпарат; сатып алу шарттары; ақпаратқа сұрау салулар (RFI - Request for Information) және ұсыныстарға сұрау салулар (RFP - Request for Proposal); жобалық құжаттама; процестер, бағалар, контрагенттер, IT-жүйелер туралы мәліметтер; сондай-ақ келіссөздердің фактісі, мазмұны және барысы туралы ақпарат.

Құпия ақпарат болып табылмайтын ақпарат:

- а) осы Келісімді бұзу салдарынан емес, жалпыға қолжетімді болған ақпарат;
- б) әлеуетті жеткізуші/жеткізуші тарапынан Құпия ақпаратты пайдаланбай дербес әзірленген және бұл мән-жай құжаттамалық түрде расталатын ақпарат;
- с) әлеуетті жеткізуші/жеткізушіге үшінші тұлғадан ашуға шектеулерсіз заңды түрде алынған ақпарат.

4. ҚҰПИЯЛЫҚТЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

4.1. Әлеуетті жеткізуші/жеткізуші төмендегілерге міндеттенеді:

- а) Компанияның алдын ала жазбаша келісімінсіз Құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға ашпауға;
- б) Құпия ақпараттың сақталуын және қорғалуын, оның ішінде жоғалуынан, бұрмалануынан, заңсыз қол жеткізуден және таратылуынан қорғауды қамтамасыз етуге.

4.2. Әлеуетті жеткізуші/жеткізуші төмендегілер үшін толық көлемде жауапты болады:

- а) Құпия ақпараттың жоғалуы, ұрлануы, байқаусызда немесе рұқсатсыз ашылуы үшін;
- б) Құпия ақпаратқа қол жеткізген өз қызметкерлерінің, өкілдерінің, мердігерлерінің, қосалқы мердігерлерінің, агенттерінің және өзге де тұлғалардың әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін.

4.3. Әлеуетті жеткізуші/жеткізуші Құпия ақпаратты қорғау үшін кемінде ақылға қонымды деңгейдегі шараларды, сондай-ақ өзі дәл осындай маңыздағы өз құпия ақпаратын қорғау үшін қолданатын шаралардан төмен емес қорғау шараларын қолдануға міндетті.

4.4. Құпия ақпараттың кез келген ағып кету фактісі немесе рұқсатсыз ашылуы туралы әлеуетті жеткізуші/жеткізуші Компанияны дереу, бірақ 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етуге, сондай-ақ оның салдарын барынша азайту және осындай бұзушылықтардың одан әрі орын алуына жол бермеу үшін ақылға қонымды шаралар қабылдауға міндетті.

5. РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ АШУ

- 5.1. Құпия ақпарат тек Жобаға қатысу мақсатында ғана пайдаланылуы мүмкін.
- 5.2. Құпия ақпаратты ашуға әлеуетті жеткізушінің/жеткізушінің Жобаға қатысуы үшін мұндай ақпарат объективті түрде қажет болатын қызметкерлеріне ғана жол беріледі, олар осы Келісімнің шарттарын сақтауға міндеттеме қабылдаған жағдайда.
- 5.3. Құпия ақпаратты мердігерлерге, қосалқы мердігерлерге, агенттерге және өзге де үшінші тұлғаларға беру Компанияның алдын ала жазбаша келісімі болған жағдайда ғана жол беріледі.

6. КӨШІРУ, МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЙТАРУ

- 6.1. Құпия ақпаратты көшіруге Жоба мақсаттары үшін ең аз қажетті көлемде ғана жол беріледі.
- 6.2. Құрамында Құпия ақпарат бар барлық материалдар Компанияның меншігі болып қала береді.
- 6.3. Компанияның жазбаша талап етуі бойынша мұндай материалдар және олардың көшірмелері әлеуетті жеткізуші/жеткізуші тарапынан дереу Компанияға қайтарылуға немесе жойылуға тиіс.

7. КЕПІЛДІКТЕРДІҢ БОЛМАУЫ

- 7.1. Құпия ақпарат «қолда бар күйінде» (as is) ұсынылады. Компания оның толықтығына, дәлдігіне немесе белгілі бір мақсаттарға жарамдылығына қатысты ешқандай мәлімдеме немесе кепілдік бермейді.

8. ЖАУАПКЕРШІЛІК

- 8.1. Әлеуетті жеткізуші/жеткізуші осы Келісімнің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Келісімнің шарттарына сәйкес жауапты болады.
- 8.2. Әлеуетті жеткізуші/жеткізуші осы Келісімді бұзу салдарынан Компания шеккен барлық құжаттамалық түрде расталған залалды толық көлемде өтеуге міндетті.
- 8.3. Осы Келісімнің шарттары бұзылған жағдайда Компания әлеуетті жеткізушіден/жеткізушіден айыппұл өндіруге құқылы. Айыппұлдың мөлшері бұзушылықтың сипатын, ашылған Құпия ақпараттың көлемін, Компания үшін туындаған залалды және әлеуетті жеткізушінің/жеткізушінің кінә дәрежесін ескере отырып айқындалады және залалды өтеуден тәуелсіз әрі оған қосымша түрде қолданылады.
- 8.4. Компания сондай-ақ әлеуетті жеткізушімен/жеткізушімен өзара іс-қимылды біржақты тәртіппен, соңғысының қандай да бір шығындарын өтеместен, тоқтатуға құқылы.

9. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

- 9.1. Осы Келісім әлеуетті жеткізуші/жеткізуші оған қосылған сәттен бастап 5 (бес) жыл бойы қолданылады.
- 9.2. Осы Келісім оның күшіне енгенге дейін де, кейін де ашылған Құпия ақпаратқа қолданылады.

10. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ СОТҚА ТӘНДІЛІК

- 10.1. Осы Келісім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.
- 10.2. Осы Келісімнен туындайтын немесе онымен байланысты барлық даулар Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралуға жатады. Сот ісін жүргізу тілі - орыс тілі.

11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 11.1. Осы Келісім ашық қолжетімділікте орналастырылады және қағаз тасымалдағышта қол қоюды талап етпейді.
- 11.2. Осы Келісім Тараптар үшін және олардың құқықтық мирасқорлары үшін міндетті болып табылады.
- 11.3. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Келісім бойынша қандай да бір құқықтарды немесе міндеттерді үшінші тұлғаларға беруге (цеденттеуге) құқылы емес.
- 11.4. Құпия ақпарат Компанияның меншігі болып қала береді. Осы Келісімнің жасалуы немесе Құпия ақпараттың ашылу фактісі әлеуетті жеткізушіге/жеткізушіге Құпия ақпаратқа қатысты қандай да бір құқықтардың берілгенін білдірмейді.

«Мобайл Телеком-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
БСН: 041140004799
050000, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Желтоқсан көшесі, 115